

ҰЖЫМДЫ БАСҚАРУДАҒЫ МҰҒАЛІМ ТҰЛҒАСЫНА ТИІМДІ БІЛІМ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Даулетова Айша Косымовна

Aisha.dauletova@bk.ru

«7M01301 Білім берудегі менеджмент» білім бағдарламасының 2 курс магистранты Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі, п.ғ.д.қауымдастырылған профессор - Муханбетжанова.А.У

Мұғалім оқу процесінде басты рөлдердің бірін атқарады. Оқытудың тиімді стратегияларын қолдануды мұғалім қарастырады. Оқыту сапасының өзгерістері мұғалімнің ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Мұғалім оқу мен оқыту процесінде басты орын алады. Мұғалімдер оқушының жеке басын қалыптастыруда маңызды рөлге ие. Оқушылардың үлгерімін жақсарту үшін мұғалімдер сапаны жақсартуы керек. Құзыреттілік саласындағы тұлғаның өзектілігі өте маңызды. Өйткені ол мұғалімдердің басқа үш құзыреттілікті дамытуға негіз болады.

Ұжымдық жұмыстың тиімділігі көбіне мұғалімнің көшбасшылық қасиеттеріне байланысты болып келеді. Көшбасшылық тек оқу мен тәрбие процесінде ғана емес, сонымен қатар мектептің жалпы ұйымдастырушылық қызметінде де маңызды рөл атқарады. Ұстаздар өз шәкірттеріне үлгі көрсете отырып, оларды жақсы қасиеттерге тәрбиелей алады. Ұжымды басқарудағы мұғалімнің ерекшеліктері:

1. Қарым қатынас дағдылары: Ұстаз өзінің оқушыларымен және әріптес ұстаздармен тиімді қарым қатынас жасай білуі қажет. Оқушылармен ашық түрде түсінікті және әділ сөйлесуі қажет.

2. Әділдік пен сенім: Ұжымда мұғалім әр ұжым мүшелерімен әділдік орнатқан жағдайда және сенім білдіргенде ұжымда үйлесімді атмосфера қалыптастыруға болады. Бұл ұжымның ынтымақтастығына әсер етеді.

Ұжымдық жұмысты үйлестіру: Ұжымдық жұмыс бұл әрбір ұжым мүшесінің өз жұмысын дұрыс түсініп, оған жауапкершілікпен қарауы. Мұғалім ұжымдық жұмысты үйлестіруде жетекші рөл атқарады. Бұл жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ету үшін келесі аспектілерді ескеру қажет.

Рөлдер мен міндеттерді нақты бөлу: Ұжымдағы әрбір мұғалімнің рөлін нақты түсініп тапсырмаларды тиімді бөліп беруі қажет. Бұл әрбір ұжым мүшелерінің өз міндеттерін дұрыс орындауға мүмкіндік береді.

Командалық рух: Ұжымды біріктіретін ортақ мақсат болуы тиіс. Мұғалім ұжым мүшелерін бір ортақ мақсатқа бағыттай отырып, олардың ынтымақтастықтарын нығайту үшін әр түрлі жұмыстар ұйымдастырады.

Тұрақты кәсіби даму: Ұжымды басқарудағы мұғалімнің тұлғасы тек қана ұйымдастырушылықпен шектелмеуі қажет. Мұғалімнің кәсіби дамуы да маңызды рөлдерді атқарады. Жаңашылдық пен жаңа технологияларды меңгеруі, білім алуға инновациялық жолдарды қолдануы да ұжымды басқаруда тиімді болып табылады. Кәсіби даму кезінде мұғалімдер өздерінің білім деңгейін де арттырып, бір біріне көмек көрсете алады.

Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті: Ұжымды басқарудағы маңызды аспектілердің бірі мұғалімнің педагогикалық қарым қатынас мәдениетінің бір түрі. Оқушылар мен педагогтерге қатысты дұрыс қарым қатынас орнату педагогтің жұмысын жеңілдетіп, білім саласында білім беру дағдысына тиімді. Педагогтердің адамгершілік қасиеттері мен педагогикалық

әдепті сақтауы ұжым арасында жақсы қарым қатынас орнатуға септігі мол.

Педагогтің эмоцианалдық интеллекті оның ұжымды басқарудағы маңызды құралдарының бірі болып табылады. Бұл дегеніміз өз эмоциясын басқару және басқа да адамдарды түсіне білу қабілеті. Ұжымды басқаруда эмоционалды тұрақтылық басты рөл атқарады.

Тиімді пікірталалас мәдениетін ұжымда қалыптастыру: Ұжымды басқаруда тиімді пікірталас жүйесін құру маңызды. Педагог тек ақпаратты жеткізуші рөлінде емес, сонымен бірге тыңдаушы, да, қолдаушы да, болуы қажет. Әр ұжым мүшесінің пікірін де ескеруі керек. Әр педагогтің сұрақтарына жауап бере отырып, оларды шешу жолында қарастыруы қажет.

Ашық түрде пікірталас түрлерін ұйымдастыру ұжым мүшелері өз ойларымен еркін түрде бөлісу болып табылады. Ұжымда пікірталас алаңдыра үнемі өткізілуі қажет.

Тыңдау және жауап беру: Ұжымдағы әріптестердің сөздеріне назар аударып, әрдайым кері байланыс беріп отыруы да маңызды.


Ұжым педагогтерінің кәсіби дамуы Ұжымды басқару барысында әріптестердің, жалпы ұжымның кәсіби дамуына үнемі көмек көрсетілуі тиіс. Педагогтер үшін кәсіби семинарлар өткізілу арқылы білімдерін үнемі толықтырып, біліктіліктерін де арттыру маңызды. Ұжым мүшелері арасында бір бірімен тәжірибе алмасуды ұйымдастыру педагогтерге пайдасын тигізеді.

Ұжымдағы мотивация. Ұжымды басқару кезінде бір біріне мотивация беру де маңызды. Педагог ұжым мүшелерін белгілі бір мақсатқа бағыттап, олардың ынтасында арттыру қажет.

Көшбасшылық қасиеттерін дамыту Педагогтердің көшбасшылық дағдыларын дамытуда ұжымдағы жұмыс тиімділігін де арттыру бағытында жұмыстар атқаруға болады. Ол үшін арнайы тренингтер өткізу арқылы педагогтердің басқарушылық қабілеттерін көруге болады.. Мұғалім ұжымды тиімді басқара білу үшін көшбасшылық қабілеттерін жетілдіруі қажет. Бұл үшін:

- Өзін өзі дамыту мен үздіксіз білім алу
- Ұжым мүшелерімен ынтымақтастық орта қалыптастыру;
- Жаңа идеяларды ұжым мүшелері үнемі қолдау

Тиімді білім беру жолдары



Сурет 1- Ұжымдағы коммуникативті дағдыларды жетілдіру

Ұжымды тиімді түрде басқарудың бір жолы – ұжыммен дұрыс қарым қатынас орната білу

- Педагогтермен өзара түсіністікті қалыптастыру
- Педагогтермен сенімділікті қалыптастыру
- Пікірталастар жүргізу
- Қиындық тудырған мәселелерді бірлесе шешу

Қазіргі заманғы білім беру ұжымнан жаңашылдықты талап етеді. Тиімді білім беру

үшін:

- Ақпараттық технологияларды нақты меңгеру
- Белсенді оқыту әдістерін ұжыммен талқылап,

үнемі қолдану Педагогикалық ұжымда

психологиялық ахуал орнату үшін:

- Үнемі ұжымда ортақ мақсаттарды белгілеп отыру
- Командамен ұжымдық жұмыс жасау
- Педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасау

4. Өзін өзі дамыту Тиімді білім беру үшін ұжым мүшелері үнемі ізденуді талап етеді

Мұғалім тұлғасына тиімді білім беру жолдары– көшбасшылық қабілеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды жетілдіру, инновациялық әдістерді қолдану, ұжымдық мәдениетті қалыптастыру және үздіксіз білім алудан тұрады. Бұл қағидаларды іске асырған жағдайда мұғалімнің ұжымды басқару шеберлігі артып, білім беру сапасы жоғары көрсеткіштерді көрсетеді. Қорытындылай келе мұғалім тұлғасының тиімділігін арттыру бұл тек қана жеке тұлғаның дамуына ықпал ету емес, сонымен бірге ұжымдағы жалпы білім берудің нығаюына негіз болатындай маңызды қадамдардың бірі. Ұжымды басқаруда мұғалім тұлғасына тиімді білім беру жолдары бұл педагогикалық процес кезінде жаңашылдық пен шығармашылықтың және педагогтердің кәсіби дамуының бір бөлігі негізінде рөл атқарады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шабдарова.Ж.Ж (2018) Педагогикалық басқарудың теориясы мен әдістемесі
2. Қайырбекова.С.Р (2017) Мұғалімнің көшбасшылық қасиеттері және оларды дамыту.
3. «Бастауыш мектеп» журналы. №11, 2011ж.
4. Н.Сейдіғазым «Мұғалім даярлығына байланысты» Қазақстан мектебі Алматы- 2002
5. «Хабаршы» Университет им.Абылай хана 2012
6. «Саяси түсіндірме сөздік» Алматы 2007
7. Жақыпбекова Д.Қ (2020) Педагогикалық инновациялар мен мұғалімнің кәсіби дамуы